



ХҒТАР 19.01.09

З.Ж. Койгельдиева, Г.Қ. Ертасова

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
E-mail: zaiiiiiii@mail.ru*

«Ақ жол» газетіндегі ұлттық идея

Аңдатпа. «Ұлт үмітін ақтаған – «Ақ жол» атты мақаланы жазудағы мақсатымыз, ХХ ғасырдың басындағы мерзімді баспасөзде жарық көрген жарияланымдарға сипаттама беру. Басылымда жарық көрген мақаланың ашаршылық мәселесін, жер-су реформаларын, ұлт тағдырын, әлеуметтік тақырыпты қозғаған ерекшелігіне тоқталамыз.

Елді индустрияландыру, ұжымдастыру бағытында жүрген саясаттың басылым бетінде жариялануы, ұлттық баспасөздің қоғамдағы маңызын арта түскенін зерттеп-зерделеу барысында көзімізді жеткіземіз.

Тақырыптың құнды дерегін арттыруға үлес қосқан алаш қайраткерлері А.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Қожанов, Ж.Аймауытовтардың еңбектеріне талдау жасаймыз. Мақаланы жазу барысында «Ақ жол» мерзімді басылымының көптомдығын пайдаландық.

Сол кезеңнің талабы бойынша мерзімді баспасөзде жаңа құрылған үкіметтің ұстанған бағыты туралы көп жазылды. Басылымда жарияланған материалдар арқылы Алаш қозғалысына, ашаршылыққа, жер, әйел тақырыбы, мәдениет, әдебиет тақырыбына баға береміз.

Мерзімді баспасөзде Ресейдегі төңкерістің «мән-жайын» баяндайтын, «ортақшылдар» туралы мақалалар жиі жарияланып тұрды. Патшалық дәуірдің аз ұлттар «қазақ-қырғызға беретін пайдасы» туралы да жазылғанын зерттеу барысында байқадық. Қазақ қоғамында болып жатқан қозғалыс, дәл Ресейдегідей сипат алмаса да, аздаған таптық сипат алғанын жасыра алмадық.

Қазақ халқының болмыс-бітімін, әлеуметтік жағдайын жан-жақты жазумен бірге, үлкен қозғалыс жасауға шақырған газет екеніне көзіміз жетті.

Түйін сөздер: «Ақ жол» газеті, мерзімді баспасөз, ұлт тағдыры, реформа, жер, ашаршылық, қазақ-қырғыз, қозғалыс, үкімет.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2023-143-2-108-114>

Кіріспе. ХХ ғасыр басы қазақ қоғамының жаңа саяси кезеңге, жаңа сапалық жағынан өсуге талпынған кезеңі болды. Заман талабына сай қазақ мектептері, қазақ тіліндегі басылымдар шыға бастады. Қазақ қоғамында айтар ойы бар, білімді, көргені көп, оқыған алаш ағартушылары газет

арқылы ортаға өз ойларын тастап, қоғамға қозғау салып отырды. Ұлт үмітін ақтаған басылым биіктен көріне бастады.

Қазақ баспасөзінің даму тарихына көз жүгірту оның ішінде «Ақ жол» басылымына тоқталу. Қазақ халқының болмыс-бітімін, әлеуметтік жағдайын жан-жақты жазумен

бірге, үлкен қозғалыс жасауға шақырған газет болды.

XX ғасыр басындағы ұлттық сананың құдіретті қозғаушысы бола білген басылым, қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығашы еді. Қоғамның қозғаушы күші басылымда екенін білген алаштанушылар газетте әр түрлі тақырыпты қозғады. Ел тарихы, экономикасы, мәдениеті, саясат, әйел теңдігі, оқу-ағарту, шетел тақырыптары басылым қозғаған болды.

Материал және әдістер. «Ақ жолдың» төңірегіне жиналып, байсалды ой айтып, қоғамға қозғау салған, газеттің бас редакторы Сұлтанбек Қожанов бастаған бастамашыл топтың еңбегі ерекше. Газеттің бірден-бір қозғаған тақырыбы жер мәселесі еді. Пікіріміз құрғақ болмас үшін, мысал келтіре кетейік.

«Ақ жол» газетінің №2, Жұма, 10 декабрь 1920 жылғы санында «Басмашылық тарихы» деген мақалада «Семей мен Ақмола облыстары қазақтың кіндігі. Оқыған азаматтардың көбі де сол жақта» деп басталып «Қазақтың көптен маңдайына тиіп көріп келе жатқан қорлығының бірі жер болушы еді. «Жер» десе зарының батқаны сонша, ішіп отырғанастарын жерге қоярлық болмаған. Енді сол жер туралы тұтқан жолы мен қылған қаулысы мынау болды:

Жер әуелі қазаққа беріліп, жалпыластырылсын. Қазақтан артқаны бұрынғы қазақ жеріне ағылып жататын мұжықтарда әзірге отыра берсін. Қайтамын дегендерге жолы бос делінген қаулы қылынды» [1, 48 б.]. Бар өмірін жермен байланыстырған қазақ үшін бұл қаулының маңызы зор болды.

Қай заманда да жер дауын бірінші орынға қойған қазақ халқы үшін атабабадан қалған бай мұра – ұланғайыр даланы көздің қарашығындай сақтап қалу XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ең өзекті мәселеге айналды [1, 3 б.]. Ойымызды ары қарай жалғасақ, «Ақ жол» газетінің №3 сәрсенбі, 15 декабрь 1920 жылғы санында «Түркістан ортақшыл партиясының барша, ұйымдарына жарлық хат» мақаласында «1916 жылдан бері қазақ-қырғыз кедейлерінен тартып алған жерлерді иелеріне қайтару. Һәм қазақ-

қырғыз кедейлерін партия Һәм Кеңес негізін құрысуға кірістіру», – делінеді. Орыс мұжығының тартып алған шұрайлы жерін қазаққа қайтарып қана қоймай өзін кеңеске кіргізу туралы жоспарға қойылған мақалада.

Нәтижелер мен талқылау. Қазақтың бар ғұмыры жермен, ата кәсібімен малмен байланысты болған және болып та келеді. «Ақ жол» газетінің №4, Жұма, 18 декабрь, 1920 жылғы санында «Қазақ-қырғыз мәселесі» мақаласында «Түркістанда қазақ-қырғыз мәселесі тағы майданға шығып отыр. Бұрын бізді жарылқаудың орнына орыс байларының, ақсүйектерінің пайдасын көздеп патша хукіметі қазақ-қырғыздың жақсы жерін, табиғи байлығын, кенін келімсек крестияндарға тартып әперіп, неше жүз жылдай ірге теуіп отырған ата мекендерінен тұрған халықты айдап шығарған еді», - деп жазады. Адам баласын алаудың неше түрін үйренген «уақытша үкіметке» деген арыз-шағымын айтқан мақаланы оқи отырып, халық наразылығын түсінеміз. Ары қарай «Бұл күнде Кеңес хукіметінің бұрынғыға қарағанда қолы босап, төңкеріс дұшмандарын жеңуге айналып, ішкі тұрмысын, бөлінген шаруашылықты реттеуге кірісе бастады. Түркістан республикасының хукіметі де айқын саясат, түзу жолға түсіп, қарауындағы халықтардың қамын ойлауға жұмылды» [1, 28 б.]. Мақала «еңбек еленеді, үмітіміз ақталады», - деген оймен аяқталған. Қалың бұқараға жердің иесі қазақ екендігін дәлелдеген мақала үлкен үмітпен аяқталады.

«Ақ жол» басылымының келесі бір ерекше талпыныспен жариялаған тақырыптарының бірі ағарту, оқу сауаттылығы болды. Газетті көздеген мақсатқа жеткізу үшін мақала авторлары да, таратушылар да бар күшін салды. Газеттің қай санын алсақ та жаңа саяси кезеңді кешіп жатқанын оқимыз.

Сондай саяси жаңалықтың бірі, мерзімді баспасөздің алғашқы санында қозғалады. 1920 жылғы №1, сейсенбі, 7 желтоқсан күнгі санында «Оқушыларға» атты мақала жарияланады. Мақалада «Баспасөз – біздің қазақ-қырғызға жаңа жұмыс. Соңғы он жылдың ішінде ғана бас

көтеріп, газет журнал шығаруға кірістік», – деген сөздері бар. Жалғасы «Халқымыздың, оқығандарымыздың аздығын еске алсақ, бүгіннен бастап, халық арасына баспасөзді көп тарату қамына кірісуіміз керек. Заман жайын, саясат бағдарын түсіндіру үшін ел аралап, жүрерлік оқығандарымыз жоқ, дүниеде не болып жатқанынан халық хабарсыз», – деп жазылған басылымның қоғам үшін аса керек екенін байқаймыз.

Мақаладан халықтың басылымға зәру екендігі, оқуға деген құштарлығы бар екенін ұғамыз. Сөзімізге дәлел «Халықтың көзі ашылсын, дүниеден хабардар болсын, саясат бағытын білсін, халықтың қазіргі тұрмыс суреті көзге көрінсін. Жөн-жоба көрсетіп жол сілтесін десек, бүгіннен бастап газеттерді дұрыс шығару қамына кірісуіміз керек» [1, 28 б.], – деп жазылған.

Сол кезеңнің көкейкесті мәселесін қозғайтын, көпшілік болып талқылайтын алаң осы «Ақ жол» басылымы болды. Басылымның «Жаңа өріс» газетінің жалғасы екендігін «Ақ жолдың» бірінші «Ішкі хабарлар» айдарында «Жаңа өріс» газеті-ТурЦИК крайком, политотдел тарабынан шығып тұрған «Жаңа өріс» тоқтап, оның орнына «Ақ жол» шыға бастады», – деп жазылады [1, 36 б.]. Газетті шығаруда Әлихан Бөкейхановтың, Міржақып Дулатұлының, Мағжан Жұмабайұлының, Сұлтанбек Қожановтың еңбегі зор болды.

«Ақ жол» газетін парақтай отырып, жарияланған мақалаларды тақырыптық-мазмұндық жағынан бірнеше топқа бөлдік. Нақтыласақ, олар:

1. Ағартушылық бағыты (сауат ашу, ұстаздық, оқулық, тіл мәселесі);

2. Саясат мәселесі;

3. Жер мәселесі;

4. Ұлт туралы;

5. Салт-дәстүр, тәлім-тәрбие;

6. Баспасөз (газеттің таралуы, тілшінің әдебі);

7. Ғылыми танымдық мәселелері;

8. Руханият (әдебиет, мәдениет);

9. Әйел тақырыбы;

10. Экономика тақырыбы;

11. Тарих тақырыбы;

12. Жастар тақырыбы;

13. Ашаршылық тақырыбы; 6.240

14. Сатира тақырыбы;

15. Экология тақырыбы;

16. Шетел тақырыбы;

17. Астрономия тақырыбы;

18. Кемтар адамдар тақырыбы;

19. Дін туралы;

20. Қоғамдағы пара туралы;

21. Денсаулық, ауру түрлері туралы;

22. Өлең жыр тақырыбы;

23. Цифрлар туралы;

24. Қаулы-қарарлар;

25. Эпистолярлық жанрлар туралы;

Алаш

Төменде осы ретпен газетте жарияланған мақалаларды талдап көрейік.

Бірінші қозғаған тақырыбымыз ағартушылық бағыты болды. «Ақ жол» газетінің №3, жұма, 15 декабрь 1920 жылғы санында «Оқу тоқталды. Отынның жоқтығынан пәтер һәм киімнің нашарлығынан, қазақ институтындағы оқу 15 януарға шейін тоқтады», – деп жазылса, келесіде «ТурЦИК» мақаласында «Түркістанның кіндік атқару комитеті, халық ағарту комиссариатын жалпы жұртқа оқу-жазу үйрету үшін жергілікті халық тілдерінде кітап шығаруға бір сыпыра кісіні қызметтерінен шығарып, жазушылық ісіне салуға міндетті қылған. ТурЦИК азық түлік комиссариатында оқушыларға жылдам тамақ, киім һәм оларды орындау реттерінің ләжін тез қарастырып, бір айдың ішінде жайластыруға міндетті қылған» [1, 69 б.]. Халықты оқу сауаттылығына үйрету сол кездегі іргелі мәселенің бірі болғанын мақаладан оқып отырмыз.

«Ақ жол» №448 сейсенбі, 17 июнь, 1924 жылғы санында «Ағарту бағытында айдарымен «Лепсі үйезінде оқу жайы» мақаласында «Түркістан мемлекетінің Лепсіден қашық қараңғы түкпірі жоқшығар. Сондықтан мәдениет жемістері басқа игілік жолдарынан қағыс қалып келген. 150 мың халқының 60 проценті болған жергілікті жұртының не патша, не Кеңес хукіметі тұсында кішкене де болса көңілге үміт беріп, көзге ілінерлік бастауыш мектебі болған жоқ. Басқа жұрттар 1927 жылға шейін 18 бен 50 жас аралығындағы үлкендеріне тегіс хат танытып бітірмекші болып арпалысып жатқанда, бұл үйездің әлгі жастағы 55 мың мөлшеріндегі жергілікті халқының хат танымайтындығын қоя тұралық,

оқу жасындағы 5500 жеткіншектері мектеп көрмей барады», – деп тілші қазақ жеріндегі оқу мәселесінің кеш дамығандығына тоқталады. Сонымен қатар тілші мысалдарды нақты көрсеткіштермен, санмен атап нақтылаған. Тілші мақаланы ары қарай тереңдете түседі «Биыл бүтін үйезде 33 мектеп болды. Бұлардың 14-і қазақтікі, 13-ы орыстікі, 5-інде орысша – қазақша аралас, біреуі ноғайдікі. Бұлар оқу һәм бұл жағынан да көп таршылықпен «ит көзі түтін танымас» болып, өлеусіреп сүйретіліп шықты. Бұлардың екеуі период, біреуі тоғыз жылдық», – деп аяқтайды [1, 11 б.]. Жас буынды оқыту, сауатын ашу, ағартушылық бағытқа баулу жақсылықтың нышаны еді.

Сол кезеңде ұлт жанашырлары сауат ашумен ғана тоқталмай, жоғары білім беретін институт ашу да қолға алды. Сөзімізге дәлел, басылымның басқа санында «Институттар ашылу» атты мақала жарияланады.

Мақаланың басталуы «Халық комиссарларының қаулысы бойынша, Ташкенттің 1-Тимирязев ісіне Түркістан республикасының барлық халықтарына бір институт ашылатын болды. Оқу орыс тілінде. Қазаққа бір институт оқу қазақ тілінде. Өзбекке екі институт оқу өзбек тілінде. Ноғайға бір институт оқу ноғай тілінде. Институттар қай жағынан болса да, оқу университет дәрежесінде болады. Оқушылар қызметтен һәм оқу жылын бітіргенше әскерлікпен ада болады» - қысқа ғана ақпараттан, әр ұлтқа өз тілінде жоғары оқу орнын ашып беретіндігі жарияланған. Ағартушылық бағыттағы мақалалар көп жарияланған. Ұлт ағартушылары ұлтының болашағын ойлап оқу-ағарту мәселесін үнемі жоғары қойып отырған және күн тәртібінен түсірген емес [1, 69 б.].

«Ақ жол» №451 сәрсенбі, 25 июнь, 1924 жылғы санында «Білімпаздар жиылысы» мақаласында оқу, емле, әріп жайлы айтылады. «Оқушыларға белгілі Орынборда осы июнь ішінде қазақ-қырғыз білімпаздарының жиылыс ашылмақшы еді. Сол жиылыс июннің 12-күні ашылды. Мәселені шешу құқығына иелік дауыспен сайланып келген уәкілдер болды. Уәкілдер Мәскеуден, Қазақстанның әр өңірінен әр

бағыт бойынша келгендер. Жиылыста қаралған мәселе: емле, харіп жайы, оқу һәм ғылым кітаптарын көбейту, пән сөздері, бастауыш мектеп программасы, халық әдебиетін жинау, Қазақстан мен Түркістаннан тысқары қазақтарды ағарту мәселелері», – деп тіл мәселесі, дыбыс, ғылым туралы мәселелерін қозғаған мақала жарыққа шыққан [1, 53 б.].

«Ақ жол» газеті заманның сұранысына сай қоғамда болып жатқан жайларды үнемі жазып отыруды қолға алғандығын төмендегі мысалдардан көреміз. Жаңадан құрылған үкіметтегі болған жаңалықтарға көз жүгіртейік.

«Мәскеуде мәжіліс» мақаласында «13 партия сиезіне барған Түркістан делегаттары ішінде болып, 4 июньде болған РКП орталық комитетінің жиылысында мәселенің талас жағы анықталып шешілді. Талас «Орта азия мемлекеттері бірігіп, федерация бола ма, болмай ма?» деген де еді. Бұл бір бірігіп федерация жасамайтын болса, «барлық ұлттардың ортасындағы қазынасындай саналатын, мәдениеттің ордасы сауданың кені, шаруаның кіндігі, бүкіл Орта Азияға арналған байлықтың жиылған орны Ташкент қаласы кімге тиеді?» – дегенде еді [9, 39 б.]. Сол кезеңдегі гүлденген Ташкент қаласы кімге беріледі деген даулы сұрақ қойылғандығы баспасөз бетінен оқимыз.

XX ғасыр басындағы қазақ даласында жер мәселесінің осыншалықты ушығуының себебін іздегенде оған толыққанды жауапты Алаш публицистикасынан табарымыз хақ [2, 3 б.]. Публицистика (латынша: көпшілік, әлеумет) қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жұмсалады [3]. Ашық энциклопедияда алынған мәлімет осылай жазылыпты.

Публицистика қоғамдағы маңызды мәселені талқылай алатын, сөз өнерінің үлкен бір саласы. Яғни қоғам өзгерген сайын, публицистика да өзгеріп тұрады. Қоғаммен бірге туып, қалыптасып, өсіп, өркендеп келе жатқан сөз өнері.

Ұлттық публицистика бастауын ана тілінен алды. Сол туған тіліміздің барлық қадір-қасиетін «бойына сіңірген қазақ публицистикасы еліміз жүріп өткен ұзақ жолдың шежіресі бола білді.

Жұрт қиналса, демеу болып, жігер отын жаныды, намыс рухын оятты, ұлт қуанса, медеу болып жарқын жолға бастады, биік белестерді бағындыруға шақырды. Сөйтіп, қазақ публицистикасы ұлттың рухани байлығының ажырамас бөлігіне айналды. Оның ғажаптығының өзі сонда – публицистика белгілі бір кезеңдегі болған белгілі бір нақтылы оқиғаны айна-қатесіз бүгін көз алдымызға» әкеледі. Сол кезде не болды, қалай болды, кімдер өмір сүрді, олар қандай әрекет, мінез көрсетті? Міне осы сауалдардың бәріне публицистикалық шығармалардан жауап таба аламыз. Өткенді бүгінге, бүгінді болашаққа жалғап тұрған ақиқат көпірін көргіңіз келсе ол публицистика өнері [4].

Ақиқат көпірін жариялап отырған «Ақ жол» мерзімді басылымының басты тақырыптарының бірі жер мәселесі болды. Мерзімді басылымның 1920 жылғы № 6 санында «Жер мұңы» атты мақала жарияланған. Мақала Ақмешіт үйезіндегі Шиелінің шұрайлы жеріндегі болған жай туралы баяндайды. «1886-шы жылы халықтың қадірлі адамы Жүзбай деген ақсақал Жөлек болысының адамдарын жинап, бастарын қосып, «Найманарықтан» Сырдариядан саға шығаруға арық қазып, Шиеліге жеткізуге кеңес қылды» дей келе, ары қарай «Бір жерден тоған байлап ол жер тоған атымен «Ақ тоған» аталды», – деген сөйлемдерді оқимыз [1, 44 б]. Жағдайы жасалған «Ақ тоған» халқына егінін мол берді. Ішкені алдында, ішпегені артында қазақ жағдайы түзеле бастады.

Ал 1893 жылы осы байлықты көрген Ақмешіт начальнигі ауып келген орыс мұжықтарына жер беруді «Ақ тоғаннан» бастайды. Қазақтардың өз жерінен айрылып, жалшылыққа кетуі, күндерін көре алмағандығы басты тақырыпқа алынған. Қазақ үшін жер өте құнды дүние болды. Қоныс аударған орыс мұжықтарына кеткен жерін қайтарып алу үшін арыз-шағымын жазып «Ақ жолға» жіберілгенін ұғамыз.

Мерзімді басылымда көтерілген үлкен тақырыптың бірі – ұлт мәселесі болды. «Ақ

жол» газетінің №160, 09 апрель, жексенбі, 1922 жылғы санында «Түсіну керек» деген мақала жарияланған. Мақаланың басталуы «Езілген ұлттардың құлдығы, отаршы обырлардың үстемдігі тіршілік, тұрмыс жүзіндегі мықты бір ауру. Бұл аурудың құрсауын қиратып езілген ұлттардың азаттыққа шақыру үшін, тіршілік жүзінде өзгеріс тудырып, төңкеріс қылу керек» [1,35 б].

Құндылығы. Зерттеу мақаланың нәтижелерін журналистика мамандығында оқитын студенттерге қазақ журналистикасының тарихы, Алашбаспасөз пәндерінен дәріске қосымша материалдар ретінде және қазақ журналистикасының тарихы, Алаш баспасөзіне қатысты тың зерттеулерде пайдалануға болады.

Қорытынды. Ел сөзін сөйлеген, ұлтқа жаны ашитын басылымның осындай ащы шындықты шыңғырып жазуы сол кезеңнің бұқаралық ақпарат құралының маңыздысы болғанына көз жеткізуге болады. Қазақ қоғамы қалың еліне баспасөз арқылы ортаға үлкен мәселені көтерген. Бұл жерде мәселе тек ұлт емес, ар жағында жер мәселесі тұрғандығын ескеруіміз керек. Ары қарай «Өткен жылғы кедейлер ақысын қайтару, ұлт теңдігін орнату жолындағы жүргізілген істердің бастап жүзеге шығуына қынжылып, әкелерінің құндары күйіп кеткендей көрініп жүрген сұмдар, оларды қолдап кеңестер тобын тоздырмақшы болып жүрген құзғындар, шақырмайды екен деп жалтақтамастан көпшілік еңбекшіл кедейлер хүкіметі жер мәселесін тамырынан шешуге, жер реформасын тереңдетіп жүргізуге биы да кірісіп отыр». Бұл әңгіме қайткенде де қазақ жерін озбырлардан қорғаймыз дегеннен шығып отыр.

Жоғарыда ұлы далада болған қозғалыстардың барлығы мерзімді басылым «Ақ жол» газетінің бетінде жарыққа шыққандығын аз да болса ақпарат бердік.

Алаш қозғалысы қазақ қоғамындағы ел өмірін, тұлғаларымыздың жанкешті тірлік жасауына мүмкіндік берді.

Әдебиеттер

1. «Ақ жол» (газеті) Көптомдық. 1 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. – 384 б.
2. Сақ Қ. Алаш көсемсөзі: Жер мәселесі. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014, – 400 б.
3. Уикипедия ашық энциклопедия [Электронды ресурс]. – URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki> (қаралған күні: 28.01.2023).
4. Публицистика [Электронды ресурс]. – URL: <https://kitaphana.kz/refkaz/220-mamandyk/1771-publicistika.html> (қаралған күні: 28.01.2023).

References

1. »Aq Zhol» (gazeti) Koptomdyq. [«Ak Zhol» (newspaper) Multivolume. 1 volume] Compiled by Kh.Esenkarakyzy («Alashorda» public fund, Nur-Sultan, 2020, 384 p.).
2. Saq Q. Alash kosemsozi: Zher maselesi [Alash preface: Land problem] (Kazak enciklopediyasy, Almaty, 2014, 400 p.).
3. Uikipediya ashq enciklopediya [Open Encyclopedia of Wicipedia] [Электронды ресурс]. – URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki> (қаралған күні: 28.01.2023).
4. Publicistika [Journalism]. – URL: <https://kitaphana.kz/refkaz/220-mamandyk/1771-publicistika.html> (қаралған күні: 28.01.2023).

З.Ж. Койгельдиева, Г.К. Ертасова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, Астана

Национальная идея в газете «Ақ жол»

Аннотация. Нашей целью при написании статьи «Ақ жол, оправдавший надежды народа» является описание публикаций, опубликованных в периодической печати в начале XX века. Остановимся на особенности опубликованной в издании статьи, в которой затрагивались вопросы голода, земельной и водной реформ, судьба нации, социальные вопросы.

В процессе исследования мы констатируем тот факт, что политика в направлении индустриализации и коллективизации страны публикуется, а значение национальной печати в обществе возросло.

Проанализируем труды алашских деятелей А. Бокейханова, А. Байтурсынова, М. Дулатова, С. Кожанова, Ж. Аймаутова, которые способствовали увеличению ценностных данных темы. В ходе написания статьи мы использовали многотомное периодическое издание «Ақ жол».

По требованиям того периода периодическая печать много писала о направлении, взятом новообразованным правительством. По материалам, опубликованным в издании, мы даем оценку алашскому движению, голоду, земле, женщинам, культуре, литературе.

В периодической печати часто публиковались статьи о «коммунисте», описывающие «обстоятельства» революции в России. В ходе исследования мы обратили внимание, что писалось и о «преимуществах малочисленных национальностей перед казахами-киргизами». Мы не могли скрыть того, что происходящее в казахском обществе движение приняло не такой характер, как в России, а приобрело мелкоклассовый характер.

Мы убеждены, что это газета, которая призвала к большому движению, а также всесторонне писала о существующем социальном положении казахского народа.

Ключевые слова: газета «Ақ жол», периодика, судьба нации, реформа, земля, голод, казах-киргиз, движение, правительство.

Z.Zh. Koigeldiyeva, G.K. Yertassova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

National idea in «Ak Zhol» newspaper

Abstract. Our goal in writing the article «*Ak Zhol, Which Has Fulfilled The Nation's Hopes*» is to describe the publications published in the periodical press at the beginning of the 20th century. We will focus on the feature of the article published in the publication, which touched on the issue of famine, land and water reforms, the fate of the nation, and social issues.

In the process of researching and studying, we will present the fact that the policy in the direction of industrialization and collectivization of the country is published, and the importance of the national press in the society has increased.

We will analyze the works of Alash figures A. Bokeikhanov, A. Baitursynov, M. Dulatov, S. Kozhanov, Zh. Aimautov, who contributed to increasing the valuable data of the topic. In the course of writing the article, we used the multivolume periodical publication «*Ak Zhol*».

According to the requirements of that period, the periodical press wrote a lot about the direction taken by the newly formed government. Through the materials published in the publication, we evaluate the Alash movement, famine, land, women, culture, and literature.

In the periodical press, articles about the «communist» were often published, describing the «circumstances» of the revolution in Russia. In the course of research, we noticed that it was also written about the «benefits of the minority nationalities to Kazakh-Kyrgyz». We could not hide the fact that the movement taking place in Kazakh society did not take on the same character as in Russia, but it took on a small class character.

We are convinced that it is a newspaper that has called for a great movement, along with writing comprehensively about the existence and social situation of the Kazakh people.

Keywords: Ak Zhol newspaper, periodicals, fate of the nation, reform, land, famine, Kazakh-Kyrgyz, movement, government.

Авторлар туралы мәлімет:

Қойгельдиева З.Ж. – докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Ермасова Г.К. – аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Koigeldiyeva Z.Zh. – PhD student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Yertassova G.K. – Senior Lecturer, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.